

6 – СЕКЦИЯ
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

6.1 Новые направления и тенденции развития отечественного литературоведения

6.2 Духовное возрождение: проблемы национального языка

ӘОЖ 821.512.122

XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛ ОБРАЗЫ

Архатқызы Мөлдiр

moldir.arkhatkyzy@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті, «6802305 – Филология: қазақ тілі»
білім беру бағдарламасының 3 – курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г. Мамаева

Қазақ әдебиеті өзіндік көркемдігімен ерекшеленетін бірқатар туындыларға бай. Әртүрлі сипатта, әртүрлі жанрда, алуан түрлі көркемдегіш құралдарды қолдану арқылы жазылатын шығармалар оқырман жүрегінен орын алып, адресанттың жай-күйін адресат сезініп ой түйетіндей ерекше жазылған. Шығарма өзіндік бір оқиғаға, жағдайға негізделіп жазылады. Әр оқиға өзінің салдарын сезіндіріп, белгілі бір психологиялық әсер қалдыратыны сөзсіз. Туындыдағы әр сюжеттің өзіндік функциясы бар, яғни оқырманға беру керек белгілі бір әсері мен сезімі бар деуге болады. Ал, осы шығармаларды адресатқа жеткізу үшін автор тілі ерекше рөл атқарады. Яғни, әдебиетті талдау тілмен тығыз байланыста өрбиді деп нақты сеніммен айта аламыз.

Әдебиет тілі туралы жалпы түсініктердің бәрінің келіп құйылар арнасы, әдебиет тілі туралы ғылымның ең басты және өзекті мәселесі – образ және образдылық. Бұл мәселені дұрыс таратып түсіну үшін, әуелі, әдебиеттің объектісі - өмір болғанда, негізгі қаһарманы – адам екенін ескеруіміз керек. Кітап не туралы жазылған, симфония не туралы, сурет не туралы салынған, қандай сұрақ болсын жауап біреу – адам туралы, адамның әсемдігі, адам рухының керемет күштілігі, оның қасиеттері туралы. Өнер туындысының бәріне ортақ мазмұн адамның ойы, арманы, құштарлығы, мұраты. Адам тағдыры суреткер үшін шығарма арқауы ғана емес, өмірді танудың өзгеше тәсілі. Мұнда әңгіме дайын әдеби қаһарман жөнінде емес, сол қаһарманды жасаудағы қаламгердің бүкіл шығармашылық іс-әрекеті, ойы, қыры.

Әдебиеттегі адам бейнесін жасау сан түрлі амал-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ол сөздегі суретпен ғана бітпейді, көркем бейне жасауға қажет өмірлік материалды жинақтаудан әдеби тұлғаны даралауға дейін барады. Ал жинақтау тек типтендіру тәсілімен жүзеге асады. Типтендіре жинақтау арқылы суреткер болашақ образдың немесе типтің жалпы бітімін, тұлғасын, қалыптасуымен қатар оның ішкі ерекшелігін ашып, мінезін даралайды. Әрбір әдеби тұлғаны өз ортасынан адам ретінде бөлек оқшау танытып тұратын оның тек өзіне тән, өзгелерде жоқ және қайталанбайтын психикалық ерекшеліктері болуы шарт. Суреткердің өмір шындығын жинақтау әрекеті әрқашанда оның адам мінезін даралау әрекетімен ұласып, ұштасып жатады.

Образ тақырыбына келгенде қазақ әдебиеті әйелдер образын жасауда өте өнімді шығармаларға бай. Әсіресе, XX ғасырдың бас кезі қазақ әдебиеті әйел образын жаңа қырынан суреттеген шығармалардың көп жазылған кезеңі деп айта аламыз.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы – жазушының әйел теңсіздігі тақырыбында жазылған, қазақ қызының мықтылығын, қайсарлығы мен батылдығын, өмірге құштарлығын ашық сипаттайтын проза жанрында жазылған көрнекті шығармасы.

Басты кейіпкер – Ақбілек көп қиындық көрмей өскен байдың қызы, тағдырдың тәлкегімен орыстардың қолына түсіп, қорлық көрген шарасыз қазақ қызы.

Шығарманың басты тақырыбы – әйел теңсіздігі мен өмір ағысына қарсы жүзген қаракөз арудың мықтылығы арқылы қазақ қыздарының образын ашу.

Шығарманың басты идеясы – өткен ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласындағы шиеленістер, орыстанған саясат пен бір қыздың тағдыры арқылы бар қазақтың басындағы қиыншылығын ашып көрсету.

Шығармада түрлі тұрақты тіркестер көп кездеседі. Мысалы:

«...Уһ! деп демін бір алып, төңірегіне көз салды.» [Ж.А. 105 б.]

Көз салды – қарады, көзін тікті, көңілі белінді. [ҚТФС 258 б.] Бұл сөйлемде тіркес жан-жағына көз жүгіртті, қарады, көзін тастады деген мағынада қолданылып тұр.

«Қалай Бадығұлдың жылқысын бактым, солай көзім ашыла бастады. [Ж.А.83 бет]

Көзі ашылды - 1. Көкірегін, санасын оятты; санасы оянды, өмірді білді, таныды.

2. Сордан арылды, теңдікке, еркіндікке қол жетті.

3. Бір нәрсенің тиегі ағытылды; жолы ашылды, қолайлы жағдай туды.

4. Сауаттанды, білім алды. [ҚТФС 260 бет] Бұл сөйлемде автор екінші мағынасын қолданған, яғни кейіпкердің жылқы бағып, нәпақасын тапқанын жеткізген. Фразеологизм бірінші жақта, кейіпкердің өзін суреттеуі арқылы берілген.

«Түндегі айқай - сүрен, аласапарында Мұқаштың қолында жетектеулі- екі ат, ойында - аман құтылу, көзге түспеу ғана бар еді. [Ж.А. 91 бет]

Көзге түсті - көрінді, көрініп қалды. [ҚТФС 254 бет] Бұл сөйлемде антоним, яғни қарама-қарсы мағынасында қолданылып тұр, көзге түспеу, ұсталып қалмау мағынасында қолданылып тұр.

«Әлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді.» [Ж.А. 72 бет] Тіл жетпейді - тілмен айтып суреттеп шыққысыз. [ҚТФС 534 бет] Бұл сөйлемде де осы мағынада қолданылып тұр. Арулардың сұлулығының кереметкенін суреттеу қиын, олар ерекше сұлу деген мағынада қолданылып тұр.

Шығармада ортақ концепт: әйел теңдігі, әлеуметтік теңсіздік, саясат, үстем тап пен төмен тап арасындағы қақтығыс, зұлымдық.

Романдағы макроқұрылымға тоқталсақ: адамның жасына, ұлтына қарамайтын зұлымдық пен озбырлықтың адам бойын билеуі, адамгершіліктің жоқтығы қоғамның ауыр дерті. Қазақ қыздарының сол кезеңдегі қадірі мен көпке үлгі болар мықтылығы. Бас кейіпкердің әр түрлі зұлымдықпен бетпе бет келіп тұрып өмірге деген құштарлықты жоғалтпауы, жақсылыққа білімге ұмтылуы мәтіннің өзегі болып тұр деп ойлаймыз.

Романның микроқұрылымы: Қарамұрттың соғысқа кеткенін пайдаланып еліне қашып келген қызға елдің сөзінен гөрі әкесінің суық көзқарасы қатты батады. Сүйген жігіті Бекболат та Ақбілектен бас тартады. Себебі, Ақбілек Қарамұрттан жүкті болып келеді. Сол кезеңдегі қазақ қоғамының «ұятты» басты орынға қойғаны, зұлымдықтың құрбаны болса да Ақбілекті жеп баратын көздер мен сөздердің қыз жанына қатты батқаны байқалады. Бұл сол кездегі қазақ қоғамының «ұят» ұғымын басты орынға қойып, жалпы қазақ қыздарының тағдырына алаңдамауын көрсетеді деп ойлаймыз.

Ақбілек образы - қазақ әйел образының көркемдік шыңы. Себебі, осы кезеңде жазылған туындылар болсын немесе бүкіл кезеңде әйел образын ашуға арналып жазылған шығармалар болсын бұл романдағыдай әйел образын ерекше суреттей алмайды деп ойлаймыз. Басқа романдардағы әйел образына қарағанда Ақбілек образы әрдайым ерекше. Романның бас

кейіпкері Ақбілек тұлғасын сомдаудағы жазушы шеберлігі, ондағы портреттік бейнелеудің ұлттық табиғи нақыштар, әйел образын жасаудағы дәстүрлі қалып пен жаңашыл ізденістер ғылыми тұрғыдан тұжырымдалады. «Ақбілек» романындағы әдеби көркемдік жетістіктер шығармадағы әйелдер бейнесінің бай галереясы арқылы айқындалып, олардың әрқайсысының өзіндік болмыс ерекшеліктерінен көріс та батындығы жете зерделенеді. Сонымен бірге Ақбілек бейнесі қазақ әдебиетіндегі әйелдер образын сомдаудағы жаңа бағыт екендігі ғылыми талдау негізінде нақты дәлелденеді. Мақалада романда қазақ қызына тән ұлттық тәлімтәрбиеден қалыптасқан мінезқұлық ерекшеліктері суреткер ше берлігі арқылы типтік бейне жасаудың алғы шарты ретінде көрініс табатындығы жанжақты ай қындалған. Әйел сұлулығын суреттеудегі көркемдік белгілер ұлттық бояунақыштан тамыр тартып жатқандығы ұлттық прозаның өзіндік ерекшелігі екендігі зерделенген. Романдағы Ақбілектен бас қа да әйел бейнелерінің жасалуы, олардың бір-біріне ұқсамас өзіндік ерекшеліктері шығарманың тақырыптық болмысын байыта түсетіндігі ғылыми тұжырымдалған.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы қазақ прозасын үлкен бір белеске көтерген күрделі шығарма. Автор қазақ қызы киліккен қасіретті көрсету арқылы аласапыран тұстың озбырдық бейнесін ашады. Оны сол нәубеттен, тағдыр талқысынан құтқарған жаңа өмір салтымен бірге кейіпкер бойына жинақталған ерік-жігер күдіреті екендігі романда айрықша ақындалған. Ұланғайыр уақыт пен жалпақ кеңістікте тағдырдың тар қапасына қамалған Ақбілек қасіретін оның өзін қоршаған ортаның қыспағына іштей қарсылығы мен адами күресін автор психологиялық талдау арқылы кейіпкер жан дүниесіне бойлай отырып ашады.

Осынау қос ғасыр тоғысындағы қазақ қоғамы болмысын қазақ қызының қиын да қорлыққа толы өмір сәті арқылы танытуға бағытталған романның арпалыс пен күрестен тұрар өмір күйінің тиегін ағытуы белгілібір психологиялық шегіністерге ұласып жатыр.

Романдағы әйел образын ашудағы басты құрал ер адамдар болған. Бұл жерде тек бір ғана Ақбілек образын талдау үшін бірнеше ер адамның бейнесі суреттелген. Сонымен қатар, романдағы басқа да әйел образдарын ашуда ер адамдардың іс-әрекеттері әдеби шегіністер тудырып отыр. Яғни, бұны біз гендерлік лингвистикамен тығыз байланыстыра аламыз. Бұл шығарманың басты мазмұны қазақ ішіндегі қыздар мен әйелдердің көрген қасіреттері мен қиындықтарын ашық суреттеуге бағытталған. Автор сол кездегі қазақ халқы ішінде қыздардың рөлінің ер адамдарға қарағанда бір саты, тіпті бірнеше саты төмен екендігін суреттей отырып, қарама қарсы топтың, яғни ер адамдардың күш көрсетуі арқылы оппозициялық көзқарас жасап отырған. Бұл гендерлік лингвистиканың ерекше талдану керек сипаты деп ойлаймыз.

Жалпы, гендерлік лингвистика – тіл білімінің жаңа қалыптасып келе жатқан саласы. Гендерлік лингвистика ғылымы жүйеге түсу үстінде, соның негізінде қазақ тіл білімінің гендерлік бағытын айқындау, сол арқылы қалыптастыру - отандық тіл теориясының бірден- бір қажеттілігі. Бұл үшін алдымен гендерлік лингвистика ғылымының әдіснамалық негізі мен зерттеу әдістемесі мен ұстанымдарын анықтау шарт.

Тілдің гендерлік жіктелу факторы – әйел тілі мен ер тілі дамуының қозғаушы күші. Тілге құрылымдық талдаулар жасау арқылы гендердің әлемдік тілдер мен мәдениеттерде алатын орнын белгілеп, әйелдер мен ерлердің түрлі қарым-қатынастағы мінез ерекшелігін, гендерлік нормалардың уақыт пен кеңістік шеңберінде өзгеріп отыруын, әйел мен ер жынысын даралайтын тілдік, стильдік белгілер, тілді игерудегі гендердің рөлін, т.б. зерделеуге болады.

Романнан үзінді келтіретін болсақ:

«...есі кіріп, көзін ашса, алты сырықтың басын түріп киіз жапқан кішкене қоста өңшең серейген, бырқыраған, жат киімді, жат түрлі орыстардың ішінде жатыр. Оң қолын Ақбілектің үстіне артып, нақ қасында бетінен түгі шыққан, шашы дудыраған, істік мұрын жирен орыс жатыр. Оның бейнеусіз аңқиған, жарық ерінді, дүрдек аузынан шыққан демі Ақбілектің бетіне тамұқ лебіндей тиіп, денесін тітіркендірді. Өңі-түсі екенін біле алмай, көзі алас ұрып, қостың

ішін сипай сүзіп шықты да, түндегі оқиға есіне түскенде, қайнап шыққан бұлақтың көзіндей жасы мөлтілдеп, жылап ағып қоя берді...»

Бұл жерден көріп отырғанымыз: ер адамнан қорлық көрген қазақ қызының тағдыры. Яғни, еркек – күш, әйел – әлсіздік бейнесін сомдап тұр. Гендерлік лингвистиканың ерекшелігі де осында, себебі ер адамның физикалық тұрғыдан күштілігі мен әйел адамның әлсіздігі оппозиция болып көрініс табады.

Жалпы, Ақбілек образы ХХ ғасырдың бас кезеңінде жазылған шығармалардағы «жеңімпаз» образ деуге толық негіз бар. Бұралып өскен бойжеткен шағында көрген азаптарына қарамастан өмір ағысына қарсы жүзіп, білім алып, өзін өмірге қайта алып келген қазақ қызын Ж.Аймауытов шығармада ерекше суреттейді.

Қорытындылай келе, ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әйел образы - қоғамның алдындағы шарасыздық, атақ пен абыройдың, әлеуметтік мәселелер мен әйел теңсіздігінің құрбаны. Бірақ, қанша жерден құрбан болды десек те, образдың өзіне тән батылдығы мен қайсарлығы, ақылдылығы мен мінезділігі бар деп айта аламыз. Қазіргі қазақ қыздарымен салыстырғанда, ХХ ғасырдағы әйел образы көнгіштеу, қазақылыққа жақын деп ойлаймыз. Себебі, бүгінгі таңда қазақ қыздары өз құқықтарын басты орынға қояды. Заман талабына сай, атастыру, жастарды көрістірмей құда болу деген қазіргі таңда жоқ деуге болады. Жоғарыда талданған шығармаларда кейіпкерлердің сүйгенімен қашып кету сияқты кейбір батылдықты бүгінде кей қазақ қыздарының бойынан табылуы да мүмкін деп ойлаймыз. Сонымен қатар, қазіргі қазақ қыздарының білімділігі шығармада талданған образдарға қарағанда әлдеқайда жетілген. Оған заманның дамуының да үлкен септігі бар деп ойлаймыз. ХХ ғасырдың басындағы әйел образының ер адамдармен өзін бір дәрежеде ұстамауы мен қазіргі қазақ қыздарының ер адаммен бір деңгейде жүруге талпынуы мен бір деңгейде өзін ұстауы арасында да үлкен айырмашылық бар деген пікірдеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы, 1992. – 366 б.
2. Хасенов М. Ұнамды образ және типтендіру. – Алматы, 1966. - 97 б
3. Нұрғалиев Р. Әдебиет теориясы, Астана, 2003. - 26 б
4. Шоқым Г. Гендерлік лингвистика негіздері, Алматы, 2012. – 45 б.
5. Маханова Ө. Білім беру жүйесіндегі гендерлік өлшем, Алматы, 2003, 136 б.
6. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі, Алматы, 1977. - 711 б.

ӘОЖ 372.881.1

САН ЕСІМДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Асан Балжан

asan_balzhan1228@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті, 5В011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» тобының 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Шынар Қапантайқызы

Қазақ тіліндегі әр сөз табының мән-мазмұнының, сипатының өзіндік алар орны ерекше. Тілімізде жалпы тоғыз сөз табы бар деп саналса, солардың ішіндегі басқа сөз таптарынан лексика-семантикалық, грамматикалық жағынан ерекшеленетін сөз табы – сан есім. Сан есімдер – сандық ұғымды білдіретін есімдер тобына жататын ерекше сөз табы. Қазақ тілінің негізін қалаушы, зерттеуші, ғалым А.Байтұрсынұлының 1914 жылы Орынбор қаласында жарық көрген